

**СИЛЛАБУС**  
**2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі**  
**«Б04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы**  
**2 курс, қазақ бөлімі**

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (СӨЖ)	Кредиттер/ сағаттар саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОСӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
68761 Қаржы құқығы	4	3	6	-	9	6

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Оффлайн	БП, жоғары оқу компоненті	Классикалық шолу, аналитикалық дәріс	логикалық тапсырмалар, пікірталас, сөзжұмбақтар құрастыру, тест-сұрақтар	Univer АЖ тест
<b>Дәріскер (лер)</b>	Қожабек Қанат Мұратұлы			
<b>e-mail:</b>	Kozhabek-@mail.ru			
<b>Телефоны:</b>	87019510402			
<b>Ассистент (тер)</b>	Коньсбай Б.М., Умбетов М.Н.			
<b>e-mail:</b>	konysbay17@gmail.com., umbetov-m@mail.ru			
<b>Телефоны:</b>	87754711325; 87019170200			

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Пәннің мақсаты: Қаржы құқығының негіздерін талдау қабілетін қалыптастыру; қаржы заңнамасының нормаларын практикада қолдану; мемлекеттің қаржы жүйесінің даму перспективаларын бағалау; қаржылық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершіліктің ерекшеліктерін негіздеу. Оқытылатын болады: қаржылық құқықтық қатынастардың ұғымы мен ерекшелігі; қаржы жүйесінің құрылымы; ақша, валюта жүйесін, бюджет, салық және банк жүйесін құқықтық реттеу; инвестициялық қызметті құқықтық реттеу</p>	<p>1. Білім беру бағдарламасы бойынша ОН мемлекеттің қаржылық қызметі мен қаржы жүйесін және қаржы құқығы пәнінің ұғымдық аппаратын, құрылымдық элементтерін түсіндіру.</p>	<p>1.1 Мемлекеттің қаржылық қызметі мен қаржы жүйесінің құқықтық реттелу ерекшеліктерін дәлелдей біледі.</p> <p>1.2 Қаржы құқығының пәні мен жүйесін, әдістері мен қағидаларын талдай біледі.</p> <p>1.3 Құқық жүйесіндегі қаржы құқығының орны мен рөлін анықтап береді.</p> <p>1.4 Қаржылық-құқықтық нормалар мен қатынастарды талдай біледі.</p>
	<p>2. Қазақстан Республикасының ақша жүйесінің құқықтық негіздерін саралауды түсіндіру.</p>	<p>2.1 Ақша жүйесінің ұғымы мен элементтерін талдайды.</p> <p>2.2 Қазақстан Республикасының ақша жүйесінің ерекшеліктерін зерттей алады.</p> <p>2.3 Валюталық реттеудің құқықтық негіздерін талдай алады.</p> <p>2.4 Валюталық заңнамаға талдау жүргізіп, тәжірибеде қолдана алады.</p>
	<p>3. Қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институттарын талдау. Қаржы саласындағы мемлекеттік басқару, қаржылық жоспарлау, қаржылық бақылаудың құқықтық негіздері мәселелерін ажыратып саралау.</p>	<p>3.1 Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды жүзеге асыратын органдардың жүйесі мен</p>



		өкілеттіліктерін негіздей алады.
		3.2 Қаржылық жоспарлауды құқықтық реттеу негіздерін және сатыларын ажыратып талдай алады.
		3.3 Қаржылық бақылаудың ұғымы мен элементтерін ажыратып, қаржылық бақылауды жүзеге асыратын органдардың өкілеттіктерін түсіндіре алады.
	4. Қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің негізгі институттарын білу, оларды ажырату және қолдану аясын зерттеуді негіздеу.	4.1 Бюджет жүйесінің құқықтық негіздерін саралай алады. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына талдау жасай алады.
		4.2 Салық құқығына талдау жасай алады. Салық түрлерін біледі.
		4.3 Қазақстан Республикасының банк жүйесін меңгереді. Қазақстан Республикасының банк заңнамасына талдау жасай алады. ҚР Ұлттық банк өкілеттіліктерін біледі.
		4.4 Сақтандыру құқығының пәні мен мазмұнын талдай білу. Сақтандыру түрлерін саралау.
	5. Мемлекеттік қарыз алу, несиелеу шарттарын саралау. Қаржылық-құқықтық қатынас аясында туындайтын дауларды шешіп, тұжырымдай алуға қабілетті болу. Халықаралық қаржылық құқық ерекшеліктерін түсіну.	5.1 Мемлекеттік қарыз алу, несиелеу шарттары мен тәртібін меңгеру.
		5.2 Қаржы саласында туындайтын дауларды шешудеге қабілетті болу.
		5.3 Қаржылық қатынастарды реттеу саласындағы шет елдердің тәжірибесін қолдана біледі.
		5.4 Халықаралық байланыс. Шет мемлекеттердің қаржы жүйесін талдау. Қаржылық дауларлы саралау барсында шет елдердің оң тәжірибесін қолдану мүмкіндігіне баға бере алады.
<b>Пререквизиттер</b>	9068 Мемлекет және құқық теориясы; 63970 Конституциялық құқық; 2774 Әкімшілік құқық.	
<b>Постреквизиттер</b>	89756 Азаматтық құқық; 3009 Еңбек құқығы; 89749 Қылмыстық құқық; 65204 Салық құқығы.	
<b>Оқу ресурстары</b>	<b>Әдебиеттер:</b> <b>Негізгі:</b> 1. Финансовое право Республики Казахстан: учебник /Н.Р.Весельская, М.Т.Какимжанов.- Алматы: 2015. - 312 стр. 2. Сактаганова И.С. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Жалпы және ерекше бөлім. Оқулық /Сактаганова И.С. - Алматы: "Эверо" баспасы, 2016. - 256 б. 3. Сактаганова И.С. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Казустық технологиясы бойынша. Оқу құралы / И.С.Сактаганова. - Алматы: "Эпиграф" баспасы, 2016. - 390 б.	



	<p>4. Қуаналиева Г.А. Қаржы құқығы: оқу құралы / Г.А. Қуаналиева. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 162 б.</p> <p>5. Финансовое право Республики Казахстан: учеб. пособие / Под ред. А.Е. Жатқанбаевой. - Алматы, 2018. - 270 с.</p> <p><b>Қосымша:</b></p> <p>6. Финансовое право: учебник и практикум для вузов / Г. Ф. Ручкина [и др.] ; под редакцией Г. Ф. Ручкиной. - 2-е изд., перераб. и доп. - Москва : Издательство Юрайт, 2023. - 361 с.</p> <p>7. Ашмарина Е.М. Финансовое право. Учебник для СПО. Изд. 3, пер. и доп. - 2023. - 370 с.</p> <p>8. Болтинова О. В. Бюджетное право. Издательство: Юридическое издательство Норма, 2023. - 260 с.</p> <p><b>Интернет-ресурстар</b></p> <p>1. <a href="http://elibrary.kaznu.kz/ru">http://elibrary.kaznu.kz/ru</a></p> <p>2. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/">https://adilet.zan.kz/kaz/</a></p> <p>3. <a href="https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava">https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava</a></p>
--	--

<p><b>Пәннің академиялық саясаты</b></p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОСӨЖ, СӨЖ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, СӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87784272744 /e-mail <a href="mailto:ainash.akim@gmail.com">ainash.akim@gmail.com</a> кеңестік көмек ала алады.</p> <p><b>МООС интеграциясы (massive openlline course).</b> МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p><b>Назар салыңыз!</b> Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
--	--

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.
А	4,0	95-100	Өте жақсы	



A-	3,67	90-94		<p><b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p><b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>														
B+	3,33	85-89	Жақсы															
B	3,0	80-84																
B-	2,67	75-79																
C+	2,33	70-74																
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық															
C-	1,67	60-64																
D+		55-59																
D		50-54																
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз															
F	0	0-24																
				<table border="1"> <tr> <th>Формативті және жиынтық бағалау</th> <th>% мәндегі баллдар</th> </tr> <tr> <td>Дәрістердегі белсенділік</td> <td>5</td> </tr> <tr> <td>Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі</td> <td>25</td> </tr> <tr> <td>Өзіндік жұмысы</td> <td>30</td> </tr> <tr> <td>Жобалық және шығармашылық қызметі</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td>Қорытынды бақылау (емтихан)</td> <td>40</td> </tr> <tr> <td><b>ЖИЫНТЫҒЫ</b></td> <td><b>100</b></td> </tr> </table>	Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар	Дәрістердегі белсенділік	5	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	25	Өзіндік жұмысы	30	Жобалық және шығармашылық қызметі	0	Қорытынды бақылау (емтихан)	40	<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>100</b>
Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар																	
Дәрістердегі белсенділік	5																	
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	25																	
Өзіндік жұмысы	30																	
Жобалық және шығармашылық қызметі	0																	
Қорытынды бақылау (емтихан)	40																	
<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>100</b>																	

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
<b>МОДУЛЬ 1 Мемлекеттің қаржылық қызметі</b>			
1	Д 1. Мемлекеттің қаржылық қызметінің ұғымы мен жалпы сипаттамасы. Қаржылық қызметті жүзеге асырудың әдістері мен нысандары.	2	1
	СС 1. Мемлекеттің қаржылық қызметінің түсінігі. Қаржы жүйесі және оның құрамын талдау.	4	7
2	Д 2. Қаржылық құқық - құқық саласы ретінде. Қаржылық құқықтың құқық жүйесіндегі орны мен ерекшеліктері.	2	1
	СС 2. Қаржылық құқықтың әдістері және жүйесі. Қаржылық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің өзара байланысы.	4	7
	СОӨЖ 1. 1 СӨЖ орындау бойынша кеңестер беру.		
3	Д 3. Қаржылық-құқықтық нормалар және қаржылық-құқықтық қатынастардың жалпы сипаттамасы.	2	1
	СС 3. Қаржылық құқықтық нормалардың түрлері және олардың қаржылық -құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуына әсер етуі	4	7
	1 СӨЖ қорғау. Тақырыбы: Қаржылық құқықтың құқық саласы ретіндегі ерекшелігі және қазіргі таңдағы мәселелері (презентация).		20
4	Д 4. Ақша жүйесінің құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасының ақша жүйесі және оның элементтері.	2	1
	СС 4. Валюталық реттеудің құқықтық мәселелері. Валюталық заңнамаға талдау жүргізу.	4	7
5	Д 5. Мемлекеттің қаржылық құрылымының құқықтық негіздері.	2	1
	СС 5. Мемлекеттің қаржылық құрылымы және қаржылық реттеудің құқықтық негіздері.	4	7
<b>МОДУЛЬ 2 Мемлекеттік қаржыларды басқару және бақылауды құқықтық реттеу</b>			



	негіздері.		
<b>МОДУЛЬ 2 Мемлекеттік қаржыларды басқару және бақылауды құқықтық реттеу</b>			
6	Д 6. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару.	2	1
	СС 6. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды жүзеге асыратын органдардың жүйесі, өкілеттіліктері.	4	7
	СОӨЖ 2. 2 СӨЖ орындау бойынша кеңестер беру.		
7	Д 7. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері.	2	1
	СС 7. Қаржылық жоспарлаудың сатылары. Қаржы жылы. Қаржы кезеңі.	4	8
	2 СӨЖ қорғау (нысаны дебат). Тақырыбы: Ақша жүйесінің құқықтық негіздерінің өзекті мәселелері.		23
<b>Аралық бақылау 1</b>			<b>100</b>
8	Д 8. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеу.	2	1
	СС 8. Қаржылық бақылаудың ұғымы мен элементтері.	4	6
9	Д 9. Қаржылық-құқықтық жауапкершілік.	2	1
	СС 9. Қаржылық құқық бұзушылық және оның түрлері. Қаржылық құқық бұзушылықтарды саралау.	4	6
	СОӨЖ 3. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы бойынша экономикалық-қаржылық саясаттың өзекті мәселелерін талқылау (дөңгелек үстел).		
<b>МОДУЛЬ 3 Қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің институттары</b>			
10	Д 10. Бюджеттік құқық - қаржылық құқықтың басты институты. Бюджеттік құқықтың ұғымы мен жалпы сипаттамасы.	2	1
	СС 10. Бюджет жүйесінің құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына талдау жасау.	4	6
	СОӨЖ 4. 3 СӨЖ орындау бойынша кеңестер		
11	Д 11. Салық құқығы - қаржылық құқықтың институты ретінде.	2	1
	СС 11. Салық құқығының жалпы сипаттамасы мен ұғымы. Салықтың түрлері.	4	6
	3 СӨЖ қорғау. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының салық қызметін құқықтық реттеу мәселелері. Салық түрлері. Салық заңнамасына талдау жасау (реферат).		12
12	Д 12. Банк құқығының жалпы сипаттамасы.	2	1
	СС 12. Қазақстан Республикасының банк жүйесі. Қазақстан Республикасының банк заңнамасы. Ұлттық банк өкілеттіліктері	4	6
	СОӨЖ 5. 4 СӨЖ орындау бойынша кеңестер		
13	Д 13. Сақтандыру құқығының түсінігі мен жалпы сипаттамасы.	2	1
	СС 13. Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесін құқықтық реттеу. Сақтандыру түрлері. Сақтандыру заңнамасын талдау.	4	6
	4 СӨЖ қорғау. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының банк жүйесі (жоба дайындау).		30
14	Д 14. Қаржылық-шаруашылық құқығы - қаржылық құқықтың институты ретінде.	2	1
	СС 14. Қаржылық-шаруашылық құқығының ұғымы мен жалпы сипаттамасы, пәні, жүйесі.	4	6
15	Д 15. Мемлекеттік несиелеудің құқықтық негіздері мен шарттары. Халықаралық аспектілер.	2	1
	СС 15. Мемлекеттік несиелеу және мемлекеттік қарыз алудың жалпы сипаттамасы. Халықаралық мәселелер.	4	8
	СОӨЖ 6. Емтихан бойынша кеңестер беру.		
<b>Аралық бақылау 2</b>			<b>100</b>
<b>Қорытынды бақылау (емтихан)</b>			<b>100</b>
<b>Пән үшін жиынтығы</b>			<b>100</b>

Декан \_\_\_\_\_ Д.Л. Байдельдинов

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Г.А. Куналиева

Дәріскер \_\_\_\_\_ Қ.М. Қожабек